

**"CUPRUM MINING GROUP" жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен қатты пайдалы қазбаларды барлау жөніндегі операцияларды жүргізу үшін жер учаскелеріне жария сервитут белгілеу туралы**

Қарағанды облысы Осакаров ауданының әкімдігінің 2025 жылғы 21 шілдедегі № 68/05 қаулысы.

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 17-бабының 5-1) тармақшасына, 69, 71-1-баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабы 1-тармағының 10) тармақшасына сәйкес, Осакаров ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес "CUPRUM MINING GROUP" жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен қатты пайдалы қазбаларды барлау жөніндегі операцияларды жүргізу үшін 2029 жылдың 04 шілдеге дейінгі мерзімге жер учаскелерін алып қоймай, Осакаров ауданының Жансары ауылдық округінің аумағында орналасқан жалпы ауданы 432,6094 гектар жер учаскелеріне жария сервитут белгіленсін.

2. "CUPRUM MINING GROUP" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (келісім бойынша) жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың шығындарын толық көлемде өтеуі қажет. Залалдардың мөлшері мен оларды өтеу тәртібі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тараптардың келісімімен айқындалсын.

3. "Осакаров ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесіне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыға қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оны Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкіне енгізу және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау үшін қазақ және орыс тілдерінде электрондық түрде жіберілуін;

2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шаралардың қабылдануын қантамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Осакаров ауданының әкімі*

*Р. Нурмуханбетов*

Осакаров ауданы әкімдігінің  
2025 жылғы "21" шілдедегі

**Оларға қатысты жария сервитут белгіленуге жататын қатты пайдалы қазбаларды барлауға арналған лицензияның 2024 жылғы 04 шілдедегі № 2063-ЕЛ шекарасындағы жер учаскелерінің тізбесі**

**Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Осакаров ауданының әкімдігінің 10.12.2025 № 112/02 қаулысымен.**

№№	Кадастрлық нөмір	Участкенің орналасқан жері	Жария сервитут белгіленуге жататын учаскелер бөліктерінің ауданы (лицензия шекарасында), га
1.	09-137-037-024	Қарағанды облысы, Осакаров ауданы, Жансары ауылдық округі, "ЕвразияИнвест Ltd" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	178,8074
2.	09-137-037-101	Қарағанды облысы, Осакаров ауданы, Жансары ауылдық округі, "Лега" фермер қожалығы	222,033
3.	09-137-037-119	Қарағанды облысы, Осакаров ауданы, Жансары ауылдық округі, "Нуртилеу" фермер қожалығы	31,769
	<b>БАРЛЫҒЫ</b>		<b>432,6094</b>